

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамытудың және жетілдірудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1652 қаулысы Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 322 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамытудың және жетілдірудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0                      ж ы л ғ ы                      1                      қ а р а ш а д а ғ ы

N    1 6 5 2                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамытудың және жетілдірудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық Бағдарламасы**

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамытудың және жетілдірудің" салалық бағдарламасының**

**1. ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін

дамыту және жетілдіру

Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл

бағдарламасын іске асыру жөніндегі  
іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7  
наурыздағы N 367 қаулысы

Бағдарламаны негізгі әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
Іске асыру мерзімі	2001-2005 жылдар
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ету
Бағдарламаның міндеттері	Өрттің алдын алу және жою жөніндегі жұмыстардың деңгейін көтеру, өртті уақытылы және ұтымды жою, авариялық-құтқару жұмыстарын орындау және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою
Негізгі іс-шараларды орындаушылар	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларда белгіленген
Қаржыландыру көлемі және көзі	Республикалық бюджеттің қаражаты бағдарламаны қаржыландыру көзі болып табылады. 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны ғылыми қамтамасыз етуді қаржыландырудың көлемі 1 млрд. теңгені құрайды. Олардың жыл сайынғы көлемі Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңына сәйкес нақтыланып отырады.
Күтілетін түпкі нәтижелер	Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің дамуын және жетілдірілуін қамтамасыз етеді.

## 2. Кіріспе

Республика аумағында жанар-жағар майдың, жарылғыш, қатты әсер ететін улы және радиоактивті заттардың едәуір қоры бар өндірістік-технологиялық кешендердің, су айдындары мен су қоймаларының көп болуы, сондай-ақ ескірген технологиялар мен жабдықтарды пайдалану төтенше жағдайлар мен апаттардың туындауының ықтимал қаупіне жағдай жасайды.

Қалық технологиялар мен тозған өндірістік жабдықтарды пайдаланатын

мемлекеттерде, өкінішке қарай, олардың қатарына, Қазақстан да жатады, зардабы ауыр өртке ұласатын, авария және апаттар туындау ықтималдығы едәуір а р т а д ы .

Өртті туындағаннан кейін алғашқы, сыни сәттерде сөндірудің маңызы өте зор . Кешеуілдеу, жабдықтардың бүлінуі, өндірістің тоқтауына әкеп соғуы мүмкін, бұл миллиондаған теңгемен есептелетін зиянға ұрындырады. Өрттен кейін зардап шеккен кәсіпорындардың 29 пайызы 3 жылдан кейін жабылады, 43 пайызы мүлдем қалпына келе алмайды, тек 28 пайызы ғана өрттен кейін де ж ұ м ы с і с т е й б е р е д і .

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар жүргізу үшін Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің құрамында 339 аудандық, қалалық өрт сөндіру бөлімдері бар, олар 1,5 мыңға жуық негізгі және арнайы өрт сөндіру техникасымен жарақталған, оның ішінде арнайы техникамен жабдықталған және жергілікті атқарушы органдардың инженерлік және коммуналдық қызметтерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі күштері мен құралдары келіп жеткенге дейін адамдарды құтқаруды және өрт сөндірумен байланысты емес әртүрлі аварияларды жоюды жүргізуге қабілетті 21 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бар. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өрт болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының бұзылғандығы туралы істер бойынша анықтауды жүргізетін орган болып табылады, оның құрылымына арнаулы қадағалау органы - Мемлекеттік өрт қадағалау органы кіреді.

Алайда, өртке қарсы қызметті ресурстық және құқықтық қамтамасыз етудің шектелуі өрттің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру саласында және өрт сөндіру ісінде, солармен байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуде дағдарысты жағдайдың өршуіне және жедел өрт сөндіру бөлімшелерінің жауынгерлік дайындығы өсуінің тежелуіне әкеп соқты. Тиісті өндірістердің Қазақстанда болмауынан, өрт сөндіру техникалық құралдарының құны жоғарылығынан қажеттілік көптеген өнім түрлері бойынша 10-15 пайыз ғана қанағаттандырылады, сонымен қатар өрт сөндіру техникасының 56 пайызы есептен шығаруға және жаңартуға жатады, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті арнайы техника іс жүзінде мүлде жоқ, өртке қарсы қызмет объектілерінің 30 пайызына дейіні күрделі жөндеуді қажет етеді. Қазақстандағы өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қолда бар саны өрттен сақтандыру және оны сөндіру жөніндегі тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, өрттің 60 пайыздайы болатын ауылдық жерлерде, іс жүзінде, Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жауынгерлік қабілетті бөлімшелері жоқ.

Халықты, шаруашылық жүргізетін объектілерді және елдің аумағын бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар қатерінен және оның туындауынан қорғау мақсатында Мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүйесінде жалпы саны 10

мың бірліктен астам арнайы құралымдар қосымша құрылуда.

Қазіргі уақытта, Қазақстанда өрт нағыз ұлттық апатқа айналды, алайда, шығындар ауқымын халық және көптеген мемлекеттік құрылымдар, әрдайым түсіне бермейді. Өртке қарсы қызметтің қолданып жатқан шараларға қарамастан, 1999 жылы 16 мың өрт болды, оның келтірген зияны 2,9 миллиард теңгені құрады. Өрт кезінде 579 адам қайтыс болды, 490 адам жарақат алды. Жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынына едәуір кері әсерін тигізе отырып өрттің келтірген залалының орташа жылдық қарқыны 5-7 пайызға өсуде. Мамандардың бағалауы бойынша 2000 жылы өрттен келетін шығын 3-4 миллиард теңгені құрауы мүмкін, (инфляция процестерін есепке алмағанда), өрттен зардап шеккендердің саны 800 адамнан, ал жарақат алғандар - 600 адамнан асады. Таяудағы 3 жыл ішінде өрттің саны екі есе, ал материалдық шығын шамамен - 4 есе өсуі мүмкін. Мұның өзі, көбінесе апат сипатында болып келетін едәуір экологиялық зиянды (ормандағы, мұнай және газ кен орындарындағы, химиялық кәсіпорындардағы, электр станцияларындағы және т.б. өрттерді) ескермегенде.

Қазақстандағы өрттің келтірген шығынының салыстырмалы деңгейі Украинамен салыстырғанда - 1,5 есе, Қырғызстанмен - 2 есе, Белоруссия және Өзбекстанмен - 3 есе аса отырып, ТМД елдерінің ішінде салыстырмалы көрсеткіштердің ең жоғарыларының бірі (адамдардың қайтыс болуы мен жарақаттануы шығындарын ескермегенде).

Қазақстан Республикасында өртке байланысты қалыптасқан апатты жағдай ондаған жылдар бойы қордаланған және өзінің шешімін таппаған нормативтік-құқықтық, қаржылық, материалдық-техникалық сипаттағы проблемалар кешенінен туындады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нақты мәселелерге кәсіби емес тұрғыдан қарау әкімшілік және қылмыстық заңнамаларды түсіндіруде және қолдануда бұрмалануына жағдай жасайды, кінәлілерді өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін нақты жауапкершіліктен босатады, өрттен келген шығынның орнын толтырудың пәрменді тетігін енгізуге мүмкіндік бермейді.

Өртке қарсы қызметтің жауынгерлік дайындығын қолдауда қабылданған шаралар, жеке құрамға арналған жеңілдіктердің қысқартылуы онсыз да әлсіз өртке қарсы қорғаныстың қазіргі әлеуетін қирату жөніндегі теріс ағымдарды тежеуге мүмкіндік бермейді.

Кәсіпорындардың өрт сөндіру қызметін ұстаудан және оттан қорғануды қамтамасыз етуге қажетті шығындардан бас тарту есебінен қаржылық қаражатты үнемдеуге ұмтылысы артуда, мұның өзі, өртке қарсы күрес проблемасын қысқа уақытта, одан әрі шиеленістіруі мүмкін. Ұжымшарлар мен кеңшарлардың қайта ұйымдастырылуына байланысты ауылдық жерлерде ерікті өрт сөндіру

жасақтары іс жүзінде жойылды, мұның өзі, олардың өрттен қорғаусыз қалуына  
ә к е п с о қ т ы .

Сақтандыру органдары сақтандырудың мейлінше жоғары рентабельділігіне қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларын өрттен сақтандырумен айналыспайды, ал объектілердің басшылары оның келешектігін түсінбейді.

Халықтың басым көпшілігінің өрттің нақты қаупі туралы анық түсініктері жоқ, өртке қарсы насихат пен халықты оқыту жөніндегі шаралар жүйесі тиімсіз. Нәтижесінде, азаматтардың көпшілігі үшін өрт болу ықтималдығы жоққа тән оқиға сияқты көрінеді, өртке қарсы талаптар еленбейді және өрт көбінесе " адамдардың өздері кінәлі" себептен болып жатады.

Қазақстанда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінің дағдарысты жағдайына және отқа қарсы күресті ұйымдастыру ісінде келеңсіз ағымдардың бел алуына қарамастан, проблемалардың бүкіл кешенін мемлекеттік деңгейде қарау жүргізілмеген.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Әлемнің дамыған елдерінен өзгешелігі, Қазақстан Республикасында, қазіргі уақытта, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық база енді ғана қалыптасуда. Бұл саладағы қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер шашыраңқы, "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне жауап бермейді, көптеген талаптар бойынша бір-біріне қайшы келеді, өрт қауіпсіздігі мәселелерін, сондай-ақ Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, салалық өртке қарсы қызметтің өзара қарым-қатынасын, олардың мемлекеттік билік пен басқару органдарымен, министрліктермен, ведомстволармен, меншік иелерімен жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы құқықтық қарым-қатынастарын реттейтін тетігі ескірген.

МӨҚҚ органдарының инженерлік-инспекторлық құрамы жұмыс көлемінің өсуі қызмет көрсету аймағына қосымша объектілердің қосылуына, олардың меншік нысанының өзгеруіне байланысты (тұрғын үй секторы бір бөлігінің өндірістік, қойма объектілеріне, кеңселерге қайта жабдыкталуы, жұмыс істеп тұрғандарының қайта жаңартылуы және кеңейтілуі, оның ішінде, шалғай аудандарда салынуы). Бір өрт бақылау инспекторына шамамен 15 мың шаршы км аумақта орналасқан 1000-ға дейін және одан да көп әртүрлі объект келеді. Осындай аймақтарда қадағалау-алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу тиісті МӨҚҚ бөлімдері көлік құралдарымен жеткілікті қамтамасыз етілген жағдайда ғана мүмкін болады. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қызмет, жұмыстар, қызмет көрсету түрлерін лицензиялау, сертификаттау функцияларын МӨҚҚ бөлімшелерінің жұмыс практикасына енгізу осы бөлімшелерді есептеу

техникасы құралдарымен жарактандыруды қажет ететін тиісті арнайы ақпараттық жүйелердің және мәліметтер банкінің болуын талап етеді.

Өртпен, сондай-ақ, оның қоғамдық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардағы зардаптарына қарсы күрестің неғұрлым тиімді құралдары ретінде өртті анықтау мен сөндірудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу жағдайы ауыр күйінде қалуда. Көрсетілген жүйелер үшін элементтер мен жабдықтарды шығаратын негізгі кәсіпорындар Украинада, Белоруссияда, Ресей мен Латвияда орналасқан. Қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты, Қазақстанның шаруашылық жүргізуші объектілерінің өткір қажеттілігін бұл кәсіпорындардың өндірістік қуаты қанағаттандыра алмайды, осыған байланысты, шет елдерден жабдық сатып алу үшін мемлекет едәуір валюталық қаражат жұмсауда, олар көптеген жағдайда, пайдалану шарттарының белгіленген нормативтеріне сай келмейді. Сондықтан да қазіргі техникалық деңгейге сай келетін отандық жабдықтар мен жүйелер өндірісін жасап жаппай шығаруды игеру қажеттілігі пісіп жетілді.

Өртке қарсы қызмет қазіргі заманғы өнеркәсіп объектілерінде, ірі орман өрттері мен қабаттылығы жоғары ғимараттарды қоса алғанда, әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлерде өртке қарсы тиімді күресуге мүмкіндік беретін сапалы жаңа техникалық құралдармен жабдықталмаған, атап айтқанда:

- тез жанатын және жағармай сұйықтарын, сондай-ақ, сұйытылған көмірсутекті газдарды сақтайтын сыйымдылығы мол резервуарларды сөндіретін техникалық құралдар;

- негізгі және арнайы мақсаттағы, қазіргі заманғы дөңгелекке орнатылған жаңа өрт сөндіретін автомобильдер;

- тұрғын үй секторында өртті тиімді сөндіруге арналған өрт сөндіретін техникалық құралдар;

- экологиялық зияны жоқ өрт сөндіретін қоспалар;

- адамдарды эвакуациялаудың және құтқарудың қазіргі заманғы құралдары.

Қазақстанның облыс орталықтарында есептеуші техниканың жергілікті желілері базасында Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жедел ақпарат желісіне біріккен, автоматтандырылған ақпарат жүйелері мен жедел әрекет және өртке қарсы қызмет күштерін жедел басқару жүйелерін дамытуды және енгізуді қамтамасыз ету қажет, мұның өзі, өрт туралы әрбір хабарламаға жедел әрекет уақытын 1,5-2 минуті қысқартуға, өрт шығынын 9 пайызға дейін азайтуға, өртті сөндіру кезінде және бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өрт сөндіру басшысын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге, өрт сөндірудің байланыс жүйелерін елді мекендер мен кәсіпорындардың тіршілігін ақпараттық қолдау жүйелерімен біріктіруге мүмкіндік береді.

Шет елдерде 50 мыңнан асатын халқы бар барлық қалаларда жедел әрекет

бөлімшелерінің уақытын 30-40 пайызға қысқартатын осындай автоматтандырылған жүйелер бар.

Қазақстан Республикасында өртке қарсы қызметке ведомстволық бағынысты 375-ке жуық объект бар немесе норма бойынша талап етілетіннің 56 пайызы, оның 10 пайызы (38) толық амортизацияланғандықтан одан әрі пайдалануға жарамайды. Одан басқа, өрт сөндіру депо құрылысының қарқыны қалаларда азаматтық және өнеркәсіп құрылысының қарқынынан едәуір артта қалуда және қорыта келгенде, көптеген қалалардағы өрт сөндіру депосының қызмет көрсету радиусы нормативтен 3-5 есе жоғары, мұның өзі, өрттен адамдардың ықтималын күрт арттырады қаза болуы мен жарақат алуы, шығынның өсуіне әкеп соғады. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әртүрлі мақсаттағы 290-ға жуық жаңа объект құрылысын салу талап етіледі. Соңғы уақытқа дейін бюджеттен бұл мақсаттарға қажетті қаржының 1 пайыздан аспайтын көлемі бөлініп келді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты өрттің алдын алу және оны жою жөніндегі жұмыстың деңгейін арттыру, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет пен ведомстволық өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің тұрақты дайындығын қамтамасыз ету және өртті уақытылы әрі тиімді сөндіру, авариялық-құтқару жұмыстарын орындау және төтенше жағдайдың зардаптарын жою жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Бағдарламада мынадай міндеттерді шешу көзделген:

кадр әлеуетін нығайту, өрт сөндірушілердің құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету ;

өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын дамыту; азаматтардың өрт кезінде қайтыс болуы мен жарақат алуын азайту жөніндегі шараларды

қамтамасыз ету зардап шеккендерді әлеуметтік қорғауды күшейту;

мамандандырылған бөлімдердің және аймақтық отрядтарының желісін құру және дамыту ;

өртке қарсы қызметтің ұйымдық құрылымын жетілдіру.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тегігі**

Осы бағдарламада қойылған міндеттер мен мақсаттарды шешу үшін бұл салада жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелері пайдаланылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмыс тәжірибесі негізінде кәсіби шеберлік арттырылады .

Іс-шаралар мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: кәсіби шеберлік бойынша іріктеу жөніндегі стандарттар мен құралдар жүйесін

к ұ р у ;

жасақтаудың баламалы нысандарын енгізу;  
өртке қарсы жаппай шығарылып жатқан өнімдерді сатып алу;  
міндетті сақтандыру;

қазіргі өртке қарсы қызмет бөлімшелерін өрт-құтқару бөлімшелері етіп қайта  
к ұ р у .

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, атап айтқанда,  
р е с п у б л и к а н ы ң  
әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықаралық ынтымақтастығына  
байланысты.

### **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру**

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыстарды қаржыландыру тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген қаражаттар шегінде жүзеге асырылуға тиіс.

Бағдарламаны іске асыруға жергілікті бюджеттерден қажет етілетін ақша қаражатының болжамды мөлшері:

2001 жылы	200 млн. теңге
2002 жылы	200 млн. теңге
2003 жылы	200 млн. теңге

2004 жылы 200 млн. теңге

### **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Инвестициялар уақытылы жүзеге асырылған және Бағдарламада белгіленген іс-шаралар орындалған ретте 2005 жылға дейінгі кезеңде өртпен күресте белгілі бір оң нәтижеге қол жеткізу және шығынның 20-30 пайызға қысқаруын қамтамасыз ету, адамдардың қаза болуы мен жарақаттануын азайту, өрт қауіпсіздігінің тиімді жүйесін құру және өртке қарсы қызметтің жұмыс істеуі үшін қажетті материалдық-техникалық база жасау көзделуде.

Бұдан басқа, осы Бағдарламаны іске асыру:  
заңнамалық және басқа да нормативтік кесімдерді әзірлеуді қоса алғанда,  
құқықтық базаны жетілдіруге;

бірінші кезектегі өртке қарсы және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізетін қазіргі заманғы отандық және импорттық құралдармен жарақталған арнайы бөлімдер мен авариялық-құтқару отрядтары желісін құру және дамытуға;

зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуге арналған материалдық-техникалық база жасау;

қазіргі өртке қарсы қызмет бөлімдерінің құрамында жедел ден қою бөлімшелерін құруға, оларды арнайы өрт сөндіру және авариялық-құтқару техникасымен, соның ішінде, автомобильдермен, арнайы өрт сөндіру



құралдарымен (көбіктеушілермен, қатты-аэрозольды және су-аэрозольды өрт сөндіргіштерімен, қазіргі заманға арнайы құралдармен) жабдықтауға; жедел әрекет және жедел байланыс жүйелерімен жабдықтаудың және қолданудың тактикалық тәсілдері мен нормативтерін әзірлеу және енгізуге; өрттен келетін тікелей және жанама зиян мен ілеспелі шығындарды төмендетуге;

өртке қарсы қызметтің авиабөлімшелерін құруға; Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің құрылысы аяқталмаған және жаңа объектілерін пайдалануға беруге мүмкіндік береді.

### **8. Мемлекеттік өртке қарсы қызметті дамытудың және жетілдірудің салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

-----  
Іс-шаралар ! Аяқтау ! Орындалуы үшін! Орындау  
! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі  
-----

8.1. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Қазақстан ТЖА, Қаржы 2001 жыл органдарының қатардағы және Республикасы министрлігі, басшылық құрамының қызметтерін Үкіметінің Экономика өткеру туралы ережені әзірлеу қаулысы министрлігі, Әділет министрлігі

8.2. Қалаларда, елді мекендер Бұйрық ТЖА, ЭИСМ 2001 жыл пункттерінде және шаруашылық жүргізу объектілерінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін құру жөніндегі нормативтерді әзірлеу

8.3. Қазақстан Республикасының Министрлік. ТЖА, ИМ, 2001 жыл ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер термен және ҰҚК (келісім және қорғаныс органдары, ведомстволар. бойынша), авиациялық, теміржол, теңіз және мен келісім ҚорМ, ТОҚМ, өзен көлігі, орман шаруашылығы ККМ объектілерінде МӨҚҚ және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары арасында мемлекеттік өртті қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі келісімді әзірлеу және қол қою

8.4. Өрт қауіпсіздігінің салалық ережесін әзірлеу. Бұйрық ТЖА, ӨҚ 2005 жыл және АҚ РАҒЗО (келісім бойынша),

мүдделі  
мемлекеттік  
органдар,  
облыстардың  
МӨҚҚ

8.5. Өрт қауіпсіздігі саласында сертификаттау жүйесін ЭИСМ ТЖА, ЭИСМ 2001 жыл  
ұйымдастырудың және жұмыс Стандарттау, метрология  
істеуінің нормативтік базасын және  
әзірлеу сертификаттау

жөніндегі  
комитетінің  
нормативтік  
құқықтық  
кесімдері

8.6. Тұрғын үй қорын, ұйымдар мен кәсіпорындарды меншік Заңнамалық Ұлттық Банк 2003 жыл  
нысанына қарамастан өрттерден кесімнің (келісім  
жобасы бойынша),  
міндетті сақтандыруды енгізу ТЖА

8.7. Өрт қауіпсіздігі саласында Әкімшілік ТЖА, Бас 2002 жыл  
құқық бұзғаны үшін жауапкершілікті құқық прокуратура  
саралауды және күшейтуді бұзушылық (келісім  
қамтамасыз ету туралы бойынша),

Кодекске ТОҚМ, Әділет  
өзгерістер министрлігі  
енгізу  
туралы  
заңның  
жобасы

8.8. Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы өртке қарсы іс-шараларды орындау жөніндегі талаптар келтірілген құрылыс нормасы мен қағидасына өзгеріс енгізу Бұйрық ЭИСМ, ТЖА 2005 жыл

8.9. Қазақстан Республикасы Төтенше Бұйрық ККМ, ТЖА, 2001 жыл  
жағдайлар жөніндегі агенттігінің Шығыс Қазақстан  
авиабөлімшелері үшін әуе облысының Мемле.  
катынастары үлгілері бойынша Ұшу кеттік өртке  
және техникалық пайдалану қарсы қызметі  
жөніндегі нұсқауға өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу

8.10. Мемлекеттік өртке қарсы Қазақстан ТЖА, Қаржы 2001 жыл  
қызметке арналған негізгі, Республикасы министрлігі,  
арнаулы және көмекші Үкіметінің Экономика  
техникаларды ұстауға және қаулысы министрлігі,  
пайдалануға, заттық үлестері Әділет  
мен ағымдағы шығыстардың министрлігі  
нормаларын әзірлеу

8.11. Халықты өрт туралы хабардар Қазақстан МАҚКМ, ТЖА, 2001 жыл  
ету, өртке қарсы насихат Республикасы Қаржы  
жүргізу үшін бұқаралық ақпарат Үкіметінің министрлігі,  
құралдарын пайдалану тәртібін қаулысы Экономика  
әзірлеу министрлігі,  
Әділет  
министрлігі,  
облыстардың,  
Астана  
және Алматы  
қалаларының  
МӨҚҚ

8.12. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Қазақстан ТЖА, 2001 жыл  
бөлімшелері үшін негізгі, Республикасы облыстардың,  
арнаулы және көмекші Үкіметінің Астана және  
техникалардың қажеттілік қаулысы Алматы  
нормативін әзірлеу қалаларының  
МӨҚҚ, Қаржы  
министрлігі,  
Экономика  
министрлігі,  
Әділет  
министрлігі

8.13. Көкшетау техникалық институтын Қазақстан БҒМ, Қаржы 2001  
жыл

Құтқарушылар академиясы етіп Республикасы министрлігі,  
қайта құру Үкіметінің Экономика  
қаулысы министрлігі,

Әділет  
министрлігі,  
ТЖА,  
Көкшетау  
техникалық  
институты  
(келісім  
бойынша),  
Көкшетау  
қаласының  
әкімі

8.14. Көкшетау техникалық Бұйрық ТЖА 2001-2002  
институтының базасында, оны жылдар  
ұстауға арналған бюджеттік  
қаражаттың көзделген шегінде  
сарапшы-криминалистерді және  
мемлекеттік өртке қарсы қызмет  
қызметкерлерінің біліктілігін  
арттыру, сондай-ақ Қазақстан  
Республикасы Қорғаныс  
министрлігінің өртке қарсы  
қорғану қызметінің прапорщиктері  
мен офицерлерін даярлау жөніндегі  
курстарды ұйымдастыру

8.15. Мемлекеттік бюджет қаражаты Қазақстан БҒМ, Қаржы 2001 жыл  
есебінен оқитын мемлекеттік Республикасы министрлігі,  
өртке қарсы қызметтерінің Үкіметінің Экономика  
мамандарын даярлауға және қаулысы министрлігі,  
қайта даярлауға мемлекеттік Әділет  
тапсырысты бекіту министрлігі,

Көкшетау  
техникалық  
институты  
(келісім  
бойынша),  
мүдделі

- мемлекеттік  
органдар
- 8.16. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет мамандары үшін білім беру деңгейі жөніндегі жалпыға міндетті стандартты әзірлеу және енгізу
- Нормативтік БҒМ, 2001 жыл  
құқықтық Көкшетау  
кесім техникалық  
институты  
(келісім бойынша),  
ТЖА, ЭИСМ  
Стандарттау,  
метрология  
және  
сертификаттау  
жөніндегі  
комитеті
- 8.17. Өрт сөндірушілерді даярлаудың бастапқы кәсіптік мектептер құру
- Бұйрық ТЖА, 2001 жыл  
облыстардың,  
Астана және  
Алматы  
қалаларының  
әкімдері
- 8.18. "Өрт қауіпсіздігінің және Азаматтық қорғаныстың арнаулы ғылыми-зерттеу орталығын республикалық қазыналық кәсіпорнының полигонында қолданыстағы үйлерге жаңғырту жүргізу және жаңа өндірістік корпустардың құрылысын жүзеге асыру"
- Қазақстан Республика. ТЖА, "ӨҚ және АҚ  
сының РАҒЗОң РМҚК  
Үкіметіне (келісім бойынша),  
Қаржы  
министрлігі,  
Экономика  
министрлігі
- 8.19. "Өрт қауіпсіздігінің және Азаматтық қорғаныстың арнаулы ғылыми-зерттеу орталығын республикалық қазыналық кәсіпорнының базасында атом электрэнергетикасының объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, металлургия, химия және көмір

өнеркәсібі объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі зерттеу жұмыстарын орындау және іс-шараларды әзірлеу бойынша іс-шараларды зерттеу және әзірлеу жөніндегі зертханаларды (бөлімдерді) құру"

8.20. "Республикалық өрт жарылыс Қазақстан ТЖА, Қаржы 2003 жыл қауіпсіздігіне арналған Республикасы министрлігі, өнімдерді республикалық Үкіметінің Экономика сертификаттау орталығын қаулысы министрлігі, республикалық мемлекеттік Әділет кәсіпорнын құру" министрлігі,

Салааралық ғылыми-технологиялық машина жасау орталығы (келісім бойынша), ЭИСМ

8.21. Мемлекеттік өртке қарсы Бұйрық ТЖА 2001 жыл қызметтің Республикалық ақпараттық деректер банкін құру

8.22. Әкімдермен келісім бойынша Қазақстан ТЖА, 2005 жыл мемлекеттік өртті қадағалау Республикасы. облыстардың, қызметкерлерінің санын ның Үкіметіне Астана және арттыру жөнінде ұсыныс жасау ұсыныс Алматы (1-қосымшаға сәйкес) қалаларының

әкімдері

8.23. Бақылау және қадағалау Бұйрық ТЖА, 2001 жыл функцияларын жүзеге асыру облыстардың, кезінде мемлекеттік өртке Астана және қарсы қызметтердің жұмысын Алматы ұйымдастыру жөніндегі қалаларының нұсқаулықты әзірлеу МӨҚҚ

8.24. Жалпы білім беретін және Оқу БҒМ, ТЖА 2002 жыл бастауыш мектептерде, кәсіптік бағдарлама. және жоғарғы оқу орындарында лары

өрт қауіпсіздігі жөніндегі

курстарды енгізу

8.25. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік

өртке қарсы қызметіне

көпшілікпен жұмыс жөніндегі

инспекторлар лауазымын енгізу

әкімдері

Бұйрық

ТЖА,

2001 жыл

облыстардың,

Астана және

Алматы

қалаларының

8.26. Әкімдермен келісім бойынша

Шығыс Қазақстан, Павлодар,

Қарағанды, Батыс Қазақстан,

Алматы, Ақмола облыстарында

өртке қарсы қызметтің авиа-

бөлімшелерін құру

Қазақстан

ТЖА, Қаржы

2005 жыл

Республикасы министрлігі,

Үкіметінің Экономика

қаулысы министрлігі,

Әділет

министрлігі,

облыстардың

әкімдері

8.27. Мемлекеттік өртке қарсы

қызметтің өрт байланысы

орталық пункттерінің

базасында өртке қарсы және

авариялық-құтқару

қызметтерінің күштері мен

құралдары жедел басқаруға

арналған "Байланыс жүйелерін

жедел басқару орталығын

құру"

Бұйрық

ТЖА,

2001-2005

Салааралық жылдар

ғылыми-

технологиялық

машина жасау

орталығы

(келісім

бойынша),

Ақмола, Алматы

облыстарының

әкімдері,

Астана және

Алматы

қалаларының

МӨҚҚ

8.28. Өрт және авариялық құтқару

техникаларын, өртке қарсы

жабдықтарды, оның ішінде

биіктердегі ірі орман өрттерін

сөндіруге арналған жабдықтарды,

желілік және желісіз жүйелер

бойынша орталықтандырылған

қадағалау пунктіне дабылдарды

Қазақстан

ТЖА, Сала.

2005 жыл

Республикасы. аралық ғылы.

ның Үкіметіне ми-технология.

есеп лық машина

жасау орталығы

(келісім

бойынша), ТОҚМ,

"Агрореммаш" АҚ

енгізу мүмкіндігі арқылы өрттерді табу және сөндіру жүйелерін жаппай шығаруды ұйымдастыру	(келісім бойынша), Батыс Қазақстан облысының әкімі		
8.29. Жұмыс істеп тұрған өрт сөндіру бөлімдерінің базасына өртпен байланысты бірінші кезектегі авариалық-құтқару жұмыстарын жүргізуге осы заманғы құралдармен жарактандырылған 77 мамандандырылған бөлімшелерді құру (2-қосымшаға сәйкес)	Бұйрық	ТЖА,	2005 жыл
	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері		
8.30. Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерін осы заманғы жабдықтармен жарактандыруды аяғына жеткізу (3-қосымшаға сәйкес)	Бұйрық	ТЖА,	2005 жыл
	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері		
8.31. Әскери расчёттардың кезекші карауылдарын 4 ауысымдық кезекшілігін ескере отырып штаттық қажеттілігіне дейін толықтыру	Бұйрық	ТЖА,	2005 жыл
	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері және МӨҚҚ		
8.32. Зардап шеккендерге дәрігерлік көмекке дейін көмек көрсетуге арналған медиктердің кезекші карауылдарының әскери расчётын енгізу	Бұйрық	ТЖА,	2005 жыл
	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері және МӨҚҚ		
8.33. Зардап шеккендерге дәрігерлік көмекке дейінгі көмек көрсетуді ескере отырып мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамын дайындау бағдарламасын әзірлеу	Бұйрық	ТЖА	2001 жыл



8.34. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бұйрық ТЖА 2001 жыл  
пен өрттерді сөндіруді ұйымдастыру  
жөніндегі нормативтік құжаттарды  
әзірлеу

8.35. Мемлекеттік өртке қарсы Облыстар, ТЖА, Ақмола Жыл  
қызметтің құрылысы аяқталмаған Астана және және Алматы сайын  
құрылыстарын және жаңа объектілерін Алматы облыстарының 2005  
пайдалануға енгізу (4-қосымшаға қалалары әкімдері, жылға  
сәйкес).

әкімдерінің облыстардың, дейін  
шешімдері Астана және  
Алматы  
қалаларының  
МӨҚҚ

8.36. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Бұйрық ТЖА, БҒМ, 2005 жыл  
жұмысына жарамдылықты бағалау Еңбек және  
жөніндегі біліктілік талаптарын халықты  
әзірлеу әлеуметтік

қорғау  
министрлігі,  
Денсаулық  
сақтау ісі  
жөніндегі  
агенттік,  
облыстардың  
МӨҚҚ

8.37. Нысандық және арнаулы Қазақстан ТЖА, Қаржы 2001 жыл  
киім-кешек туралы ережені әзірлеу Республикасы министрлігі,  
және бекіту Үкіметінің Экономика

қаулысы министрлігі,  
Әділет  
министрлігі

8.38. Шақыру жасындағы адамдарды Қазақстан ТЖА 2002 жыл  
мемлекеттік өртке қарсы қызметке Республикасы  
баламалы қызмет етуді енгізу Үкіметіне  
мүмкіндігі туралы мәселені зерттеу есеп

---

ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы  
қызметті дамытудың және жетілдірудің  
2001-2005 жылдарға арналған

бағдарламасына

1-қосымша

**Мемлекеттік өртті қадағалау қызметкерлерінің және Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің кезекші қарауылдарының жеке құрамының штаттық санын кезең-кезеңімен ұлғайту кестесі -----**

Р/с! N!	Аймақтар !	Жылдар					
		2001		2002		2003	
		МӨҚ	Бөлімше!	МӨҚ	Бөлімше!	МӨҚ	Бөлімше!
		адам	ж/қ саны!	адам.	ж/қ саны!	адам.	ж/қ саны!
		саны !	саны !	саны !	саны !	саны !	саны !

1	Астана қаласы	4	25	3	25	3	50
2	Алматы қаласы	5	30	4	30	4	60
3	Ақмола облысы	4	30	3	30	3	60
4	Алматы облысы	4	37	3	37	3	74
5	Ақтөбе облысы	4	30	3	30	3	60
6	Атырау облысы	4	30	3	30	3	60
7	Шығыс Қазақстан облысы	5	37	4	37	4	74
8	Жамбыл облысы	4	25	3	25	3	50
9	Батыс Қазақстан облысы	4	30	4	30	4	60
10	Қарағанды облысы	5	37	4	37	4	74
11	Қостанай облысы	4	37	3	37	3	74
12	Қызылорда облысы	3	30	3	30	3	60
13	Маңғыстау облысы	3	30	3	30	3	60
14	Павлодар облысы	4	32	3	32	3	64
15	Солтүстік Қазақстан облысы	3	30	3	30	3	60
16	Оңтүстік Қазақстан облысы	4	30	3	30	3	60

Жиыны 64 500 52 500 52 1000

таблицаның жалғасы:

P/c!	Аймақтар	Жылдар			
		N!			
		2004	2005		
		МӨҚ	Бөлімше.	МӨҚ	Бөлімше.
		адам	ж/қ саны	адам.	ж/қ саны
		саны	саны	саны	саны

---

1	Астана қаласы	4	50	6	50
2	Алматы қаласы	5	60	6	60
3	Ақмола облысы	4	60	5	60
4	Алматы облысы	4	74	5	74
5	Ақтөбе облысы	4	60	5	60
6	Атырау облысы	4	60	5	60
7	Шығыс Қазақстан облысы	5	74	6	74
8	Жамбыл облысы	4	50	5	50
9	Батыс Қазақстан облысы	4	60	5	60
10	Қарағанды облысы	5	74	6	74
11	Қостанай облысы	4	74	5	74
12	Қызылорда облысы	3	60	4	60
13	Маңғыстау облысы	3	60	3	60
14	Павлодар облысы	4	64	6	64
15	Солтүстік Қазақстан облысы	3	60	3	60
16	Оңтүстік Қазақстан облысы	4	60	6	60

---

	Жиыны	64	1000	81	1000
--	-------	----	------	----	------

---

ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызметті дамыту және жетілдіру бағдарламасына  
2-қосымша

**Авариялық-құтқару отрядтарымен толықтырылған және қазіргі заманғы өрт сөндіру құралдарымен жарақтандырылған және кезек күттірмейтін авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізетін арнаулы өрт**

**сөндіру бөлімшелерін кезең-кезеңімен құру кестесі -----**

Р/Т! N!	Аймақтар !	Жылдар !				
		!-----!	!	!	!	!
!	!	2001 !	2002 !	2003 !	2004 !	2005 !
---	!	!	!	!	!	!
1	Астана қаласы	1	1	1	1	1
2	Алматы қаласы	1	1	1	1	1
3	Ақмола облысы	1	1	1	1	1
4	Алматы облысы	1	1	1	1	1
5	Ақтөбе облысы	1	1	1	1	1
6	Атырау облысы	1	1	1	1	1
7	Ш-Қазақстан облысы	1	1	1	1	1
8	Жамбыл облысы	1	1	1	1	1
9	Б-Қазақстан облысы	-	-	-	1	1
10	Қарағанды облысы	1	1	1	1	1
11	Қостанай облысы	1	1	1	1	1
12	Қызылорда облысы	1	1	1	1	1
13	Маңғыстау облысы	1	1	1	1	1
14	Павлодар облысы	1	1	1	1	1
15	С-Қазақстан облысы			1	1	1
16	О-Қазақстан облысы	1	1	1	1	1
-----						
	Жиыны	15	15	15	16	16

Қазақстан Республикасы Төтенше  
жағдайлар жөніндегі Агенттігінің  
Мемлекеттік өртке қарсы қызметін  
дамыту және жақсарту  
бағдарламасына  
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің  
мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің қазіргі заманғы  
жабдықтармен жарақтандыруды аяқтаудың 2001 жылға арналған  
к е с т е с і**

!	Аумақтар	!Негізгі	!Арнайы	!Аппаттық-	!Өртке	!Аппаттық-
!		!өрт сөн.	!өрт сөн.	!құтқару ав.	!қарсы	!құтқару
!		!діретін	!діретін	!томобильде.	!құралда.	!құралда.

!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!

---

1	Астана қ.	1	1	1	16	5
2	Алматы қ.	1	1	1	16	8
3	Алматы обл.	1	1	1	16	5
4	Ақмола обл.	1	1	1	16	5
5	Ақтөбе обл.	1	1	1	16	5
6	Атырау обл.	1	1	1	16	5
7	Ш-Қазақстан обл.	1	1	1	16	5
8	Жамбыл обл.	1	1	1	16	5
9	Б-Қазақстан обл.	1	1	1	16	5
10	Қарағанды обл.	1	1	1	16	5
11	Қостанай обл.	1	1	1	16	5
12	Қызылорда обл.	1	1	1	16	5
13	Маңғыстау обл.	1	1	1	16	5
14	Павлодар обл.	1	1	1	16	5
15	С-Қазақстан обл.	1	1	1	16	5
16	О-Қазақстан обл.	1	1	1	16	5

---

Жиыны	16	15	16	256	83
-------	----	----	----	-----	----

---

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

---

Арнайы әске. !Оқшаулағыш !Басқару !Өрт сөндіру !Пейджинг  
ри киімдер !противогазы. !және бай. !заттарымен !байланысымен  
құралдарымен!мен !ланыс құ. ! !жабдықтау  
! !ралдарымен!  
компл. саны !бірлік саны ! ! тонна саны !бірлік саны  
! !бірлік !  
! !саны !

---

16	15	20	5	-
16	30	11	10	228
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-

16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
256	255	311	85	228

-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыруды аяқтаудың 2002 жылға арналған кестесі**

-----

!	Аумақтар	!	Негізгі	!	Арнайы	!	Аппаттық-	!	Өртке	!	Аппаттық-		
!		!	өрт сөн.	!	өрт сөн.	!	құтқару ав.	!	қарсы	!	құтқару		
!		!	діретін	!	діретін	!	томобильде.	!	құралда.	!	құралда.		
!		!	автомо.	!	автомо.	!	рімен	!	рымен	!	рымен		
!		!	бильдері.			!	бильдері.	!	бірлік	!	бірлік	!	компл.
!		!	мен	!	мен	!	саны	!	саны	!	саны		
!		!	бірлік	!	бірлік	!		!		!			
!		!	саны			!	саны	!		!			

-----

1	Астана қ.	1	-	-	16	5
2	Алматы қ.	1	-	1	16	8
3	Алматы обл.	1	-	-	16	5
4	Ақмола обл.	1	-	-	16	5
5	Ақтөбе обл.	1	-	-	16	5
6	Атырау обл.	1	-	-	16	5
7	Ш-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
8	Жамбыл обл.	1	-	-	16	5
9	Б-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
10	Қарағанды обл.	1	-	-	16	5
11	Қостанай обл.	1	-	-	16	5

12	Қызылорда обл.	1	-	-	16	5
13	Маңғыстау обл.	1	-	-	16	5
14	Павлодар обл.	1	-	-	16	5
15	С-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
16	О-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5

---

Жиыны	16	-	1	256	83
-------	----	---	---	-----	----

---

таблицаның жалғасы: -----

Арнайы әске.!Оқшаулағыш !Басқару !Өрт сөндіру !Пейджинг  
ри киімдер !противогазы. !және бай. !заттарымен !байланысымен  
құралдарымен!мен !ланыс құ. ! !жабдықтау  
! !ралдарымен!  
компл. саны !бірлік саны ! ! тонна саны !бірлік саны  
! !бірлік !  
! !саны !

---

16	15	20	5	-
16	90	174	10	228
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
256	315	474	85	228

---

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің  
мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің қазіргі заманғы  
жабдықтармен жарақтандыруды аяқтаудың 2003 жылға арналған  
кестесі**

-----

! Аумақтар !Негізгі !Арнайы !Аппаттық- !Өртке !Аппаттық-  
! !өрт сөн. !өрт сөн. !құтқару ав. !қарсы !құтқару  
! !діретін !діретін !томобильде. !құралда. !құралда.  
! !автомо. !автомо. !рімен !рымен !рымен  
! !бильдері.!бильдері.! !бірлік !  
! !мен !мен !бірлік саны !саны !компл.  
! !бірлік !бірлік ! ! !саны  
! !саны !саны ! ! !

-----

1	Астана қ.	1	-	-	16	5
2	Алматы қ.	1	-	1	16	5
3	Алматы обл.	1	-	-	16	5
4	Ақмола обл.	1	-	-	16	5
5	Ақтөбе обл.	1	-	-	16	5
6	Атырау обл.	1	-	-	16	5
7	Ш-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
8	Жамбыл обл.	1	-	-	16	5
9	Б-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
10	Қарағанды обл.	1	-	-	16	5
11	Қостанай обл.	1	-	-	16	5
12	Қызылорда обл.	1	-	-	16	5
13	Манғыстау обл.	1	-	-	16	5
14	Павлодар обл.	1	-	-	16	5
15	С-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5
16	О-Қазақстан обл.	1	-	-	16	5

-----

Жиыны                    16       -       1       256       80

-----

таблицаның жалғасы:

-----

Арнайы әске.!Оқшаулағыш !Басқару !Өрт сөндіру !Пейджинг  
ри киімдер !противогазы. !және бай. !заттарымен !байланысымен  
құралдарымен!мен !ланыс құ. ! !жабдықтау  
! !ралдарымен!  
компл. саны !бірлік саны ! ! тонна саны !бірлік саны  
! !бірлік !  
! !саны !

-----



16	15	20	5	-
16	15	20	10	228
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
16	15	20	5	-
256	240	320	85	228

-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыруды аяқтаудың 2004 жылға арналған кестесі**

-----

!	Аумақтар	!Негізгі	!Арнайы	!Аппаттық-	!Өртке	!Аппаттық-
!		!өрт сөн.	!өрт сөн.	!құтқару ав.	!қарсы	!құтқару
!		!діретін	!діретін	!томобильде.	!құралда	!құралда.
!		!автомо.	!автомо.	!рімен	!рымен	!рымен
!		!бильдері.	!бильдері.		!бірлік	!
!		!мен	!мен	!бірлік саны	!саны	!компл.
!		!бірлік	!бірлік	!	!	!саны
!		!саны	!саны	!	!	!

-----

1	Астана қ.	1	-	-	-	5
2	Алматы қ.	1	-	1	-	5
3	Алматы обл.	1	-	-	-	5
4	Ақмола обл.	1	-	-	33	5
5	Ақтөбе обл.	-	-	-	-	-
6	Атырау обл.	-	-	-	-	-
7	Ш-Қазақстан обл.	1	-	-	33	5

8 Жамбыл обл.	-	-	-	-	-
9 Б-Қазақстан обл.	1	-	-	-	5
10 Қарағанды обл.	1	-	-	33	5
11 Қостанай обл.	1	-	-	33	5
12 Қызылорда обл.	-	-	-	-	-
13 Маңыстау обл.	-	-	-	-	-
14 Павлодар обл.	-	-	-	-	-
15 С-Қазақстан обл.	1	-	-	-	5
16 О-Қазақстан обл.	1	-	-	-	5

---

Жиыны	10	-	1	132	50
-------	----	---	---	-----	----

---

таблицаның жалғасы:

---

Арнайы әске. !Оқшаулағыш !Басқару !Өрт сөндіру !Пейджинг  
ри киімдер !противогазы. !және бай. !заттарымен !байланысымен  
құралдарымен!мен !ланыс құ. ! !жабдықтау  
! !ралдарымен!  
компл. саны !бірлік саны ! ! тонна саны !бірлік саны  
! !бірлік !  
! !саны !

---

-	-	-	5	-
-	-	10	10	228
-	-	-	5	-
33	-	20	5	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
33	10	20	5	-
-	-	-	-	-
-	-	-	5	-
33	10	20	5	-
33	10	20	5	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	5	-
-	-	-	5	-
132	30	90	55	228

-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің  
мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелерінің қазіргі заманғы  
жабдықтармен жарақтандыруды аяқтаудың 2005 жылға арналған  
кестесі**

-----

!	Аумақтар	!Негізгі	!Арнайы	!Аппаттық-	!Өртке	!Аппаттық-
!		!өрт сөн.	!өрт сөн.	!құтқару ав.	!қарсы	!құтқару
!		!діретін	!діретін	!томобильде.	!құралда.	!құралда.
!		!автомо.	!автомо.	!рімен	!рымен	!рымен
!		!бильдері.	!бильдері.		!бірлік	!
!		!мен	!мен	!бірлік саны	!саны	!компл.
!		!бірлік	!бірлік	!	!	!саны
!		!саны	!саны	!	!	!

-----

1	Астана қ.	-	-	-	-	-
2	Алматы қ.	-	-	1	-	-
3	Алматы обл.	-	-	-	-	-
4	Ақмола обл.	-	-	-	-	-
5	Ақтөбе обл.	-	-	-	-	-
6	Атырау обл.	-	-	-	-	-
7	Ш-Қазақстан обл.	1	-	-	-	5
8	Жамбыл обл.	-	-	-	-	-
9	Б-Қазақстан обл.	-	-	-	-	-
10	Қарағанды обл.	1	-	-	-	5
11	Қостанай обл.	-	-	-	-	-
12	Қызылорда обл.	-	-	-	-	-
13	Манғыстау обл.	-	-	-	-	-
14	Павлодар обл.	-	-	-	-	-
15	С-Қазақстан обл.	-	-	-	-	-
16	О-Қазақстан обл.	-	-	-	-	-

-----

Жиыны	2	-	1	-	10
-------	---	---	---	---	----

-----

таблицаның жалғасы:

-----

Арнайы әске. !Оқшаулағыш !Басқару !Өрт сөндіру !Пейджинг  
ри киімдер !противогазы. !және бай. !заттарымен !байланысымен  
құралдарымен !мен !ланыс құ. ! !жабдықтау

!	ралдарымен!	!		
компл. саны	бірлік саны	!	тонна саны	бірлік саны
!	бірлік	!		
!	саны	!		

---

-	-	-	-	-
-	-	-	10	228
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	5	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	5	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	-	-
-	-	-	20	228

---

Қазақстан Республикасы Төтенше  
жағдайлар жөніндегі Агенттігінің  
Мемлекеттік өртке қарсы қызметті  
дамыту және жетілдіру  
бағдарламасына  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің  
құрылысы аяқталмаған және жаңа объектілерін пайдалануға берудің  
2001-2005 жылдарға арналған**

**Кестесі**

---

!	Аумақтар	!	Өрт сөндіру депосы,	!	Қоймалар,	!
!		!	жылдар бойынша:	!	жылдар бойынша	!
!		!	-----!	!	-----!	
!		!	!2001!2002!2003!2004!2005!	!	!2001!2002!2003!2004!2005!	

---

1 Астана қ.	-	1	-	-	1	-	-	1	-	1
2 Алматы қ.	1	2	2	-	-	-	1	-	1	-
3 Ақмола обл.	1	-	-	1	-	1	-	1	-	1
4 Алматы обл.	-	-	-	1	-	-	1	-	1	-
5 Ақтөбе обл.	-	1	-	-	1	-	-	1	-	1
6 Атырау обл.	1	-	-	-	1	1	-	1	-	1
7 Ш-Қазақстан обл.	-	1	-	-	1	1	1	1	1	1
8 Жамбыл обл.	-	-	1	-	1	1	-	-	1	-
9 Б-Қазақстан обл.	1	-	-	1	-	-	-	-	-	1
10 Қарағанды обл.	-	1	1	-	1	-	-	-	-	-
11 Қостанай обл.	-	1	-	-	1	1	1	1	1	1
12 Қызылорда обл.	1	-	-	1	-	-	1	-	1	-
13 Маңғыстау обл.	1	-	1	-	-	-	1	1	-	1
14 Павлодар обл.	-	1	-	1	-	1	-	1	-	1
15 С-Қазақстан обл.	1	-	1	-	-	-	1	-	1	1
16 О-Қазақстан обл.	-	1	-	1	-	1	-	1	-	1

-----  
Жиыны            7 9 6 6 7 7 7 9 7 11

таблицаның жалғасы:

-----  
! Аумақтар    !Өртті сөндіретін оқулық ! жемдік базалар,    !  
!            !мұнара, жылдар бойынша: ! жылдар бойынша:    !  
!            !-----!-----!  
!            !2001!2002!2003!2004!2005!2001!2002!2003!2004!2005!

-----

1 Астана қ.	-	2	-	-	2	-	-	1	-	1
2 Алматы қ.	3	2	2	-	-	-	-	-	-	-
3 Ақмола обл.	-	2	-	2	-	-	1	-	1	1
4 Алматы обл.	-	-	2	-	2	1	-	1	1	1
5 Ақтөбе обл.	-	2	-	-	2	-	1	-	1	1
6 Атырау обл.	-	2	-	2	-	1	-	1	1	
7 Ш-Қазақстан обл.	2	-	2	-	2	-	1	1	1	1
8 Жамбыл обл.	-	-	2	-	2	-	-	1	1	1
9 Б-Қазақстан обл.	-	-	-	-	2	-	-	1	1	-
10 Қарағанды обл.	2	-	2	-	2	-	-	-	1	1
11 Қостанай обл.	2		2	-	2	1	-	1	1	1
12 Қызылорда обл.	-	2	-	-	2	-	1	-	1	1
13 Маңғыстау обл.	-	-	2	-	2	-	1	-	1	1
14 Павлодар обл.	-	2	-	2	-	1	-	1	1	-

15 С-Қазақстан обл. 2 - 2 - - - 1 1 1 -

16 О-Қазақстан обл. - 2 - 2 - 1 - 1 - 1

---

Жиыны 11 16 16 8 20 6 6 11 13 11

---

таблицаның жалғасы:

---

! Аумақтар ! автотұрақтар, ! Газ түтінінен қорғау !  
! ! жылдар бойынша: ! қызметі базалары, !  
! ! ! жылдар бойынша: !  
! !-----!-----!  
! !2001!2002!2003!2004!2005!2001!2002!2003!2004!2005!

---

1 Астана қ. 1 1 1 - 1 1 - - - -  
2 Алматы қ. - - - - 2 - 1 - - -  
3 Ақмола обл. 1 1 1 1 2 - - 1 - -  
4 Алматы обл. 1 1 1 1 - - - 1 -  
5 Ақтөбе обл. 1 1 - 1 1 - - - - 1  
6 Атырау обл. 1 1 1 1 1 - - - -  
7 Ш-Қазақстан обл. 1 2 1 1 1 - 1 - - -  
8 Жамбыл обл. 1 1 - 1 1 - - 1 - -  
9 Б-Қазақстан обл. - - - 1 1 - - - 1 -  
10 Қарағанды обл. - - - - 2 - - - - 1  
11 Қостанай обл. 1 1 2 1 1 - 1 - - -  
12 Қызылорда обл. 1 1 1 1 1 - - - -  
13 Маңғыстау обл. 1 1 1 1 - - - 1 - -  
14 Павлодар обл. 1 1 1 1 - - - - 1 -  
15 С-Қазақстан обл. 1 1 1 - 1 - - - - 1  
16 О-Қазақстан обл. 1 1 1 1 1 1 - - - -

---

Жиыны 12 12 12 12 17 4 3 3 3 3

---